

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін
себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген
персоналды басқару бағыты бойынша ұсынымдарды талқылаудың
Х А Т Т А М А С Ы № 1

Сарыағаш қ.

2 тамыз 2024 ж.

Жиналыс төрағасы: Г.У. Низамова - басшының экономика және әкімшілік
шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары *(топ мүшесі)*

Хатшы: Комплаенс - қызметкер - Н.Ә. Садырбай *(топ мүшесі)*

Қатысқандар:

- Басшының медицина сапасын бақылау ісі
жөніндегі орынбасары - Д.Т.Әліпбаев *(топ мүшесі)*
- Бас медбике - Г.У.Мамытбекова *(топ мүшесі)*
- Емхана меңгерушісі - С.С.Усипбеков *(топ мүшесі)*
- Мамандар бөлімінің басшысы - Ж.Ж.Алманова *(топ мүшесі)*

Күн тәртібінде:

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да *(бұдан әрі - Кәсіпорын)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына персоналды басқару бағыты бойынша енгізілген ұсынымдарды талқылау.

Төрағалық етуші Г.У. Низамова:

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі *(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)* Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.02.2023 жылғы №21 бұйрығының негізінде Кәсіпорын басшысының 15.04.2024 жылғы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №287н/қ бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 17 мамыр - 28 маусым аралығында Кәсіпорында *(2023 жыл - 2024 жылдың 6 айы мерзімі қамтылған)* сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау *(бұдан әрі - Ішкі талдау)* жұмысы жүргізілді.

Нәтижесімен, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі *(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)* Төрағасының 30.12.2022 жылғы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде тиісті талдамалық анықтама жасалған.

Сонымен қатар, аталған әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген.

Осы іс-шаралар жоспарына енгізілген ұсынымдарды талқылау үшін сөз комплаенс-қызметкер Н.Ә. Садырбайға беріледі:

Құрметті топ мүшелері, әріптестер! Жоғарыда айтып өткен бұйрықтардың негізінде Кәсіпорында 2023 жыл - 2024 жылдың 6 айы мерзімін қамти отырып сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесімен талдамалық анықтама жасалып, іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ішкі талдау келесі 2 бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Екінші бағыт, яғни Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде, оның ішінде персоналды басқару бағыты бойынша күнделікті жұмыс барысында қолданыстағы ҚР Еңбек кодексінің талаптары сақталмағаны анықталды.

Осыған орай, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет*) Төрағасының 30.12.2022 жылғы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде (*5-қосымшасына сәй*) басшылықпен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - Іс-шара жоспары*) бекітіліп, оған персоналды басқару бағытындағы бірқатар ұсынымдар енгізілді.

Олар:

1) ҚР Еңбек кодексінің және еңбек қатынастарынан туындайтын қолданыстағы заңнамалық актілердің (*еңбек, ұжымдық шарт*) нормаларын сақтау. (*ҚР Еңбек кодексінің 50-бабы 2-тармағының талабына сәйкес, яғни жұмыскердің жұмыстан шығатыны туралы жазбаша хабарламасы мен жұмыс берушімен қабылданған шешім туралы жазбаша нысандағы хабарлама берілмей келген*)

2) Тәртіптік жаза қолдану кезінде ҚР Еңбек кодексінің 65-бабының 2-тармағының талабына сәйкес, яғни жұмыскерден жазбаша түсініктеме талап ету үшін оған жасалған тәртіптік теріс қылық дерегі бойынша түсініктеме беру туралы жазбаша нысанда рәсімделген талап тапсырылмаған.

3) Қабылданатын бұйрықтарда ҚР Еңбек кодексінде көрсетілген негіздемелерді дұрыс көрсету. (*Жұмыс барысында ҚР Еңбек кодексінің талаптары сақталмай, қабылданған бұйрықтарда негіздемелер дұрыс көрсетілмегені анықталды*)

4) Қызметкерлерді қабылданған бұйрықтармен уақтылы таныстыру. (*қызметкерлер қабылданған бұйрықтармен тек ішінара таныстырылған*)

5) Кәсіпорында ҚР Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасына толатын қызметкерлерге Еңбек кодексінің 53-бабының 9-тармағы талаптарына сәйкес тиісті хабарламаның уақтылы берілуін қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілгендерді және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап және талқылап,

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасы және іс-шаралар жоспары (*5-қосымша*) назарға алынсын.

2. Кәсіпорынның мамандар бөлімінің басшысына (Ж.Алманова) персоналды басқару бағыты бойынша күнделікті жұмыс барысында қолданыстағы ҚР Еңбек кодексінің талаптарын қатаң сақтауды, оның ішінде:

1) ҚР Еңбек кодексінің 50 бабы 2-тармағының және еңбек қатынастарынан туындайтын қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларын сақтауды;

2) Тәртіптік жаза қолдану кезінде ҚР Еңбек кодексінің 65-бабы 2-тармағының талабын орындауды;

3) Кәсіпорында қабылданатын әр бір бұйрықтарда ҚР Еңбек кодексінде көрсетілген негіздемелердің дұрыс көрсетуді;

4) Қызметкерлерді қабылданған бұйрықтармен уақтылы таныстыруды;

5) Кәсіпорында ҚР Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасына толатын қызметкерлерге Еңбек кодексінің 53-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес тиісті хабарламаны уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау Кәсіпорынның заңгері А.Сарсенбековке жүктелсін.

Төрағалық етуші:



Г.У. Низамова

Хатшы:



Н.Ә. Садырбай